**"Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар саласындағы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1253 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

"Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар саласындағы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар саласындағы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; М 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 102-құжат):

1) 313-баптың бірінші абзацындағы "мемлекеттік өрт қадағалау" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 334-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында "Мемлекеттік өртке қарсы қызметті" деген сөздер "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 355-баптың тақырыбы және мәтінінде "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен қауіпті өндірістік

объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 544-бапта:

тақырыбында "Өртке қарсы күрес қызметі" деген сөздер "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

"Өртке қарсы күрес қызметі" деген сөздер "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "231 (бірінші бөлігінде), 235 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші, екінші және үшінші абзацтарда "өртке қарсы қызметтің" деген сөздер тиісінше, "Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның" деген сөздер " мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 553-бапта:

тақырыпта және бірінші бөлікте "Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:";

1) тармақшада "өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын органның және оның аумақтық органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

1) тармақшада "өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі

саласына бақылауды жүзеге асыратын органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын органның (229, 314, 356-баптар);";

он сегізінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының (231 (бірінші бөлігі), 233, 235 (екінші бөлігі), 356-баптар;";

отыз бесінші абзацта "223-225" деген сандардан кейін ", 225-1" деген сандармен толықтырылсын.

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24; 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжаттар; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар; N 13, 85-құжат; N 16, 97, 98, 103-құжаттар):

144-баптың 6) тармақшасында "мемлекеттік өртке қарсы қызметтің" деген сөздер " мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат, N 11, 55-құжат; N 12, 79-құжат):

14-баптың 1-тармағының 13) тармақшасында "төтенше жағдайлар жөніндегі" деген сөздер "төтенше жағдайлар" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат):

1) 32-баптың 2-тармағында "саласындағы, төтенше жағдайлар және өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі" деген сөздер ", төтенше жағдайлар және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 54-баптың 5-тармағында "өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган және Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органдар және қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 72-баптың 16-тармақшасында "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 104-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органдармен және қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 116-баптың 2-тармағында, 122-баптың 1-тармағында және 125-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116 -құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 79-құжат; N 13, 86-құжат; N 16, 97-құжат):

50-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының он үшінші абзацында, 6) тармақшасының оныншы абзацында "мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметінің" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 21-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органына", "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының", "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органға", "уәкілетті органның", "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өкілеттігі" деген сөз "құзыреті" деген сөзбен ауыстырылсын;

"мен қадағалау", "мен қадағалаудың" деген сөздер алып тасталсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган.";

3) 10-баптың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"- уәкілетті орган туралы ережені бекітеді;";
4) 11-бапта:
бірінші бөлік алып тасталсын;
екінші бөлікте:
бесінші абзацта "мемлекеттік өртке қарсы қызметке" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;
оныншы және он екінші абзацтар алып тасталсын;
5) 30-бапта "Бақылау мен қадағалаудың міндеті" деген сөздер "Бақылаудың міндеті" деген сөздермен ауыстырылсын;
6) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"31-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік бақылау
Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік бақылауды қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын орган жүзеге асырады.".
7. "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; N 24, 177-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):
1) барлық мәтін бойынша "өртке қарсы қызмет органдарының", "Өртке қарсы қызмет органдарының", "өртке қарсы қызмет органдары", "өртке қарсы қызмет органының", "өртке қарсы қызмет органы", "өртке қарсы қызмет органдарында", "өртке қарсы қызмет органдарындағы", "өртке қарсы қызмет органына", "өртке қарсы қызмет органдарына", "өртке қарсы қызмет органдарын", "өртке қарсы қызмет органдарымен" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының", "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органына", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;
"өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органға", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органы", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органымен", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органына" деген сөздер "уәкілетті органға", "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органы", "уәкілетті органымен", "

уәкілетті органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау - өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауды бақылау мақсатында мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының лауазымды адамдары жүзеге асыратын қызмет түрі;";

тоғызыншы абзацта:

"өрт сөндіру органының және оның облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) филиалдарының" деген сөздер "облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) облыстық маңызы бар қалалардағы, аудандардағы мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өртке қарсы құрылымдардың" деген сөздер "мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"олармен байланысты" деген сөздер алып тасталсын;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті орган - өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыратын мемлекеттік орган.";

3) 4-баптың екінші бөлігінде "салалық өртке қарсы қызметтің" деген сөздер " мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-бапта:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының штат саны лимитін белгілейді;";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- міндетті тәртіппен өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілерде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары өрт сөндіру кезінде шығындардың орнын толтыру тәртібін анықтайды.";

5) 6-бапта:

1) тармақшада "үйлестіру мен мемлекеттік бақылауды" деген сөздер "үйлестіруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) өртке қарсы қызметтер үшін өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандарды арнайы даярлау бойынша бағдарламаны, оқу курстарын және біліктілік талаптарын бекітеді;";

мынадай мазмұндағы 9-1) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) осы Заңның 10-6-бабының төртінші абзацта көзделген жағдайда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің қаражатты өндіріп алу тәртібін анықтайды;

12) өрт қауіпсіздігі ережесін әзірлейді және бекітеді.";

6) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Өртке қарсы қызметтердің түрлері мен мәртебесі";
7) 9-бапта:
тақырыпта "және олардың міндеттері" деген сөздер алып тасталсын;
бірінші бөлікте "жағдайын" деген сөз "саласындағы" деген сөзбен ауыстырылсын;
екінші бөлік алып тасталсын;
8) 9-1-бапта:
бірінші бөлікте:
1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"1) өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды жүзеге асырады;";
2) және 7) тармақшалар алып тасталсын;
9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"9) қоныстану аумақтарын және мемлекеттік меншіктегі стратегиялық және аса маңызды объектілерді өрттен қорғауды қамтамасыз етеді.";
"облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы)" деген сөздерден кейін ", облыстық маңызы бар қалалардағы, аудандардағы" деген сөздермен толықтырылсын;
төртінші бөлік алып тасталсын;
9) 9-4-бапта:
бірінші бөлікте "қызметкерлеріне" деген сөздер "қызметкерлеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөліктің 1) тармақшасында "өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің жетілуіне" деген сөздер "қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға қызметкерлердің біліктілігін арттыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;
10) 9-5-бапта:
мәтінде "кәсіпкерлік" деген сөздің алдынан "жеке" деген сөзбен толықтырылсын;
бірінші бөлікте "уәкілетті орган" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөлікте:
"басқа да" деген сөздер алып тасталсын;
"нұсқама" деген сөз "акт" деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:
"Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы талаптарының айқындалған бұзушылықтарына байланысты жүргізілген мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша мемлекеттік инспекторлар мынадай актілер шығарады:
1) тексеріс жүргізу нәтижелері бойынша акт;
2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;
3) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын

бұзушылықты жою туралы ұйғарым;

4) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын бұзған жағдайда кінәлі адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;

сот шешімі шыққанға дейін үш күннен аспайтын мерзімге жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін немесе жекелеген түрлерін тоқтату немесе тыйым салу туралы қаулы.

Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдары ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс органдарының объектілерінде, сондай-ақ шахталардың, кен орындарының, қазындылардың, ашық көмір тіліктерінің жер асты құрылыстарында, орман және тоғай алқаптарының аумақтарында, сондай-ақ әуе, теміржол, теңіз және ішкі су көлігінде өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық мекемелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі өкілдіктерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етілуін бақылау, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

11) 9-6-бапта:

тақырыпта "нормативтік құқықтық актілердің орындалуын" деген сөздер алып тасталсын;

мәтінде "кешенді", "кешенді тексерулерді" деген сөздер тиісінше "жоспарлы", "жоспарлы тексеруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші бөлікте "Жоспардан тыс, қарсы, рейдтік тексерулер жүргізу кезінде" деген сөздер "Тексерістер жүргізуді бастауға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру ұзақтығы отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс, ерекше жағдайларда арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының басшысы (не оның орнын ауыстыратын адам) тексерісінің елеулі көлеміне байланысты тексеріс жүргізу мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Тексеріс мерзімдері ұзартылған жағдайда міндетті түрде құқықтық статистика жөніндегі органда тіркей отырып, тексеріс тағайындау және ұзарту себебі туралы бұған дейінгі актінің тіркеу нөмірі мен күні көрсетілетін тексерісті ұзарту туралы қосымша акт ресімделеді.";

7-тармақта:

бірінші бөлікте "түтін тарту жүйесі көзделген тұрғын үйлер" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте "бір рет" деген сөздер "кемінде бір рет" деген сөздермен

ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші бөлікте "оқшау тұрған, дара және топтастырылған үйлер;" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары осы топтың объектілерін қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына бір рет, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша тексереді";

9-тармақта "кем" деген сөз "артық" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді объектілер тобына байланысты кезең-кезеңмен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді.

11. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы кемінде жылына бір рет, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың өтініші бойынша кезең-кезеңмен:

қоныстану аумақтарында - өртке қарсы айырылыстардың, кіреберістердің, кіретін жолдардың, жолдар мен өртке қарсы сумен жабдықтаудың бар-жоқтығын және олардың жай-күйін;

көп пәтерлі тұрғын үйлерде - өрт қауіпсіздігінің, түтінді жою жүйесінің, өртті анықтау және сөндіру, ғимараттар мен құрылыстарда өртті сөндіру үшін баратын жолдардың өртке қарсы жай-күйін, сондай-ақ жалпы пайдаланылатын үй-жайлардың өртке қарсы жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

жеке тұрғын үйлер мен адам тұрмайтын құрылыстарда - өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерінің сақталуын бақылау тек заңды және жеке тұлғалардың өтініші бойынша ғана жүзеге асырылады.";

12) 9-7-бап алып тасталсын;

13) 10-2-бапта:

екінші бөлікте:

"мерзімдері" деген сөз "тәртібі" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Казарма жағдайындағы оқу орындарының курсанттары Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған нормалар бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.";

төртінші бөлікте:

"қырық" деген сөз "отыз бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Кіші және орта басшы құрам лауазымдарына қызмет саласы бойынша жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білімі бар адамдар, аға басшы құрам лауазымына қызмет саласы бойынша жоғары кәсіптік білімі бар адамдар тағайындалады.";

мынадай мазмұндағы он бірінші, он екінші және он үшінші бөліктермен

толықтырылсын:

"Өрт-техникалық оқу орындарының күндізгі бөлімін бітірген мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында бес жыл жұмыс істеуге міндетті.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері өрт-техникалық оқу орнын бітіргеннен кейін одан әрі бес жыл ішінде қызметін өткеруден бас тартқан, не осы Заңның 10-4-бабы екінші бөлігінің 6), 7), 8), 9), 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан босатылған жағдайда, оның оқу кезеңіндегі стипендия, тамақ, киім-кешегін төлеуге жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке төлеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома келісім-шарт мерзімі біткенге дейін әрбір толық қызмет атқармаған айы үшін үйлесімді есептеледі.

Өрт техникалық оқу орны күндізгі бөлімінің әскерге шақырылу жасына жеткен және сабақ үлгерімі, тәртібі үшін, сондай-ақ өз еркімен оқудан шығарылған тыңдаушылары, егер олар оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермесе, тұратын жері бойынша арнайы есептен шығу үшін әскери басқарманың жергілікті органдарына жіберіледі.";

14) 10-3-бапта:

бірінші бөлікте:

2) тармақшада "елу жас" деген сөздер "елу үш жас" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "бес" деген сөз "сегіз" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметтегі жағдайы шекті жасқа жеткен кезде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің қызмет ету мерзімі мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы басшысының шешімімен кемінде бес жылдық кезеңге ұзартылуы мүмкін.";

15) 10-5-бапта "ішкі" деген сөз "өртке қарсы" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 10-6-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының қызметкері аттестациялық тәртіппен белгіленген атқарған қызметіне сай келмеуі бойынша жұмыстан шығарылған жағдайда беделін түсіретін теріс қылық жасаған кезде немесе қызметтік тәртіпті жүйелі түрде бұзғаны үшін олар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өздеріне берілген және белгіленген мерзім бойынша пайдаланылмаған нысанды киімнің құнын, оның тозуын есепке ала отырып өтеуге міндетті.";

17) 10-8-бапта:

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Өрт-техникалық оқу орнының күндізгі нысаны бойынша оқитын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға:

1) қысқы каникулдық демалыс - ұзақтығы 14 тәулік;

2) жазғы каникулдық демалыс - ұзақтығы 30 тәулік;

3) оқу орынын аяқтауына байланысты - ұзақтығы 30 тәулік демалыс беріледі.

Оқуға берешегі бар тыңдаушыларға каникулдық демалыс оны өтегеннен кейін беріледі.";

18) 10-10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-10-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қаржыландыру

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

19) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет

1. Меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалар өрттің алдын алу ведомстволық бағынысты объектілер мен ұйымдарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ өрт сөндіруді ұйымдастыру мақсатында мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет құруы мүмкін.

Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген объектілер мен ұйымдарда міндетті түрде өртке қарсы қызмет құралды.

2. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің негізгі міндеттеріне:

1) тиісті объектілерде өрттің алдын алу және сөндіру;

2) тиісті объектілерде өрт сөндірумен байланысты бірінші кезектегі авариялық құтқару жұмыстарын жүргізу жатады.

3. Өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілерде өрт қауіпсіздігі мемлекеттік емес өртке қарсы қызметпен шарт жасасу арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет өз қызметін осы Заңға және өртке қарсы қызмет жұмысын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленетін олардың бейнесін жасайтын актілер негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет субъектілері өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттерді орындауда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына жәрдемдесуге міндетті.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет осы Заңда және өрт қауіпсіздігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің барлық заңды талаптарын орындауға міндетті.

5. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі жұмыскерінің лауазымына кәмелеттік жасқа жеткен және арнайы дайындық пен оқу курсынан өткен Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдануы мүмкін.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің жұмыскері лауазымына жүйке ауруына байланысты, денсаулығының шекті жай-күйі, маскүнемдік немесе нашақорлық бойынша денсаулық сақтау органдарында есепте тұрған, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі жұмысына келген уақытқа дейін соттылығы бар, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оны өтемеген немесе есептен

алынбаған адамдар қабылданбайды.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі мемлекеттік өртке қарсы қызметі органы үшін белгіленген нормалар бойынша өз жұмыскерлерін арнайы киім-кешектермен және өртке қарсы жарақтармен қамтамасыз етуге міндетті.

6. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдары үшін белгіленген өрт техникасы, өрт-техникалық жарақтары мен жабдықтары бойынша тиісті нормаларға сәйкес келуі тиіс.";

20) 16-бапта:

екінші және үшінші бөліктер мынандай редакцияда жазылсын:

"Қоныстану аумақтарында және мемлекет меншігіндегі стратегиялық және аса маңызды объектілерде өрт сөндіруді мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүзеге асырады.

Басқа объектілердегі өрт сөндіруді меншік нысанына қарамастан мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтер жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілерде өрт сөндіруге мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын тартқан жағдайда шығынның орнын толтыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүргізіледі. Шығын сомасы республикалық бюджетке аударылады.";

төртінші бөлікте:

"Өртке қарсы қызмет бөлімшелері" деген сөздер "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салалық" деген сөз алып тасталсын;

сегізінші бөлікте "өртке қарсы қызметтің" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөлікте "өртке қарсы қызмет органдарының басшыларына" деген сөздер "нысанына қарамастан барлық өртке қарсы қызметтерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік өртке қарсы қызметі аумақтық органдарының басшылары меншік нысанына қарамастан, тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), облыстық маңызы бар қаланың, ауданның аумағында орналасқан барлық өртке қарсы қызметке қатысты аға жедел бастық болып табылады.";

он екінші бөлікте:

"авиация" деген сөз "әуе" деген сөзбен ауыстырылсын;

"өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өртке қарсы қызметтің" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 18-баптың екінші абзацы алып тасталсын;

22) 24-баптың екінші бөлігінің жетінші абзацында "өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау және олардың бұзылуына жол бермеу" деген сөздер "өрт қауіпсіздігі саласын бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 25-бапта:

екінші бөлікте:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- өз қаражаты есебінен ұстайтын мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті осы Заңда белгіленген тәртіппен құруға, қайта ұйымдастыруға және таратуға; шарттар жасасу негізінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті тартуға;";

алтыншы абзацта "өртке қарсы қызметтің басқару органдары мен бөлімшелерінен" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдарда және объектілерде, соның ішінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметпен шарт жасасу негізінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті құруға және ұстауға;".

8. "Авариялық құтқару қызметтері және құтқарушылар мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 8, 187-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

1) барлық мәтін бойынша "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы орган", "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның", "төтенше жағдайлар орталық атқарушы органға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"уәкілетті орган - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган.";

3) 6-бапта "тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен толықтырылуы мүмкін төтенше және авариялық жағдайларда жүргізілетін басқа да арнайы жұмыстар" деген сөздер "төтенше жағдайларды жою кезіндегі басқа да шұғыл жұмыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-бапта:

2-тармақта "кәмелетке толған", "белгіленген талаптарға, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Авариялық құтқару қызметтері мен құрамаларының орта, аға және жоғары басшы

құрамы жоғары техникалық білімі бар және арнайы дайындықтан өткен адамдардан жинақталады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аталған адамдар дербес жұмысқа кәсіби авариялық құтқару қызметтерінде және құрамаларында үш ай ішінде тағылымдамадан өткеннен соң және құтқарушының біліктілігін алғаннан кейін жіберіледі.";

5) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аттестаттаудан өткен авариялық құтқару қызметтері мен құрамаларына тиісті аттестаттау комиссияларының шешімі (аттестаттау туралы) негізінде авариялық құтқару жұмысының белгілі бір түрін жүргізу құқығына белгіленген үлгідегі куәлігі, ал құтқарушыларға - құтқарушының куәлігі беріледі.";

6) 16-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің бесінші абзацында "соған уәкілетті" деген сөздер алып тасталынсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Суда құтқару қызметтерін төтенше жағдайларды жоюға тартуды төтенше жағдайларды жою басшылары жүзеге асырады.";

7) 25-бапта:

4-тармақта "ұзақтығы өзгеруі мүмкін; оларды" деген сөздер "ұзақтығын" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Әрбір үш жыл стаж үшін ақысы төленетін қосымша бір күн, бірақ 15 күнтізбе күнінен аспайтын демалыс беріледі.";

8) 26-баптың 3-тармағының екінші бөлігінде "бөлеуге" деген сөзден кейін "және осы Заңның 25-бабының 5-тармағында көзделген қосымша ақысы төленетін демалыс беруге" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 93-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 16, 104-құжат):

1) барлық мәтін бойынша:

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының", "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органын", "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен" деген сөздері тиісінше "Уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органды", "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын";

22-баптың бірінші бөлігін қоспағанда, "өкілеттігі" деген сөз "құзыреті" деген сөзбен

ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"уәкілетті орган - азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган.";

3) 13-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының құрамында" деген сөздер " Уәкілетті органға ведомстволық бағынысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4-тарауда:

тақырып мынадай мазмұнда жазылсын:

"4-тарау. Азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен қызметтері, Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау";

16-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган, оның аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері лауазымдарының бір бөлігі әскери қызметшілерден, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінен, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, Ішкі істер министрлігінен, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардан ауыстырылған (қызмет бабымен жіберілген) әскери қызметшілерден жасақталады.";

мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау

Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуына мемлекеттік бақылауды қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын орган орындайды.";

5) 19-баптың он екінші абзацы алып тасталсын;

6) 20-баптың екінші абзацында "төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, қалалық басқармаларды" деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық органдарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 7-8, 77-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

1) 1-бапта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) уәкілетті орган - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) мемлекеттік инспектор - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адам.";

2) 4-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "талаптарының сақталуын" деген

сөздер "саласын" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 7-бапта:

тақырып мынадай мазмұнда жазылсын:

"7-бап. Уәкілетті органның құзыреті";

2), 5) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) мемлекеттік инспекторға бірыңғай үлгідегі куәліктер беру, нөмірленген мөртабан мен пломба беру тәртібін анықтайды;

18) мемлекеттік инспекторлардың акт нысандарын бекітеді.";

4) 4-тарауда:

тақырыпта "және олардың себептерін тексеру" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1 және 13-2-баптармен толықтырылсын:

"13-1-бап. Аварияларды жою жоспары

Қауіпті өндірістік объектіде аварияларды жою жоспары әзірленеді.

Аварияларды жою жоспарында адамдарды құтқару бойынша іс-шаралар, персонал мен авариялық құтқару қызметтерінің іс-қимылдары көзделеді.

Аварияларды жою жоспары:

1) жедел бөліктен;

2) аварияларды жоюға қатысатын персонал арасында міндеттерді бөлу, олардың іс-қимылдарының дәйектілігінен;

3) авария туындаған жағдайда хабарланатын лауазымды адамдар мен мекемелердің және оны жоюға қатысушылардың тізімдерінен тұрады.

Аварияларды жою жоспарын ұйым басшысы бекітеді және авариялық құтқару қызметтері мен құрамаларымен келісіледі.

13-2-бап. Оқу дабылдары және аварияларға қарсы жаттығулар Қауіпті өнеркәсіптік объектілерде оқу дабылдары мен аварияларға қарсы жаттығулар ұйым басшысы бекіткен және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісілген жоспар бойынша жүргізіледі.

Оқу дабылын ұйым басшысы уәкілетті аумақтық бөлімшелері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласын бақылауды жүзеге асыратын органдардың аумақтық бөлімшелерінің және авариялық құтқару қызметтерінің өкілдерімен бірлесе отырып жүргізеді.

Оқу дабылының нәтижелері актімен ресімделеді. Актіде жазылған ұсыныстардың орындалуын бақылау ұйым басшысына жүктеледі.";

5) 14-бап алып тасталсын;

6) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды жеке кәсіпкерлік

субъектілерінің Қазақстан Республикасы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында уәкілетті органның қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі саласына бақылауды жүзеге асыратын органы жүзеге асырады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органның бірінші басшысы;

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органның бірінші басшысының орынбасарлары;

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органның барлық санаттағы мамандары;

облыстар мен қалалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары;

облыстар мен қалалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органның аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары;

облыстар мен қалалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органның аумақтық бөлімшелерінің мамандары жатады.

2. Мемлекеттік инспекторға бірыңғай үлгідегі куәлік беріледі, нөмірленген мөртабан мен пломба уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі.";

7) мынадай мазмұндағы 15-1, 15-2, 15-3, 15-4 және 15-5-баптармен толықтырылсын:

"15-1-бап. Мемлекеттік инспектордың құқықтары

Мемлекеттік инспектор:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйін тексеруді жүргізу мақсатында қауіпті өнеркәсіптік объектілерге белгіленген тәртіпті сақтай отырып, кедергісіз кіруге;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын тексеру үшін қажетті құжаттармен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңдарын бұзушылықтар анықталған жағдайда бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым акт беруге

, бұзушылықтарға кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасында белгіленген әкімшілік жауапкершілікке тартуға құқылы.

15-2-бап. Мемлекеттік инспектордың міндеттері

Мемлекеттік инспектор міндетті:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында бақылауды жүзеге асыруға;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларын ұйымдардың сақтау жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштерді жинау, қорытындылау, жүйелеу және талдау жүргізуге;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамалары мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

15-3-бап. Мемлекеттік инспектордың актілері

1. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамалары талаптарының белгіленген бұзушылықтарына байланысты өткізілген мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша Мемлекеттік инспекторлар мынадай актілерді енгізеді:

1) тексеру жүргізудің нәтижелері жөніндегі актілер;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым;

4) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңдарының бұзылуы жағдайында кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы.

2. Акт нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

3. Мемлекеттік инспекторлардың актілерін лауазымды, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

15-4-бап. Мемлекеттік инспектордың әлеуметтік қамсыздандырылуы

Мемлекеттік инспекторлардың сақтандырылуы сақтандырудың міндетті түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Асыраушысын жоғалтқан жағдайда мемлекеттік инспекторлар отбасы мүшелерінің әлеуметтік қамсыздандырылуы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15-5-бап. Мемлекеттік инспекторға қызметтік міндеттерді орындауға кедергі жасау

Өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік инспекторға кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.";

8) 16-бапта:

тақырып және барлық мәтін бойынша "бақылау", "бақылаудың" деген сөздер сәйкесінше "қадағалау", "қадағалаудың" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 18-құжат; 2006 ж., N 2, 14-құжат):

1) 1-баптың 6) тармақшасында, 11-баптың 2-тармағында "Жарлығымен" деген сөз "актісімен" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 13-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комендант - Қазақстан Республикасының Президентіне, ал Мемлекеттік комиссия құрылған кезде - Қазақстан Республикасының Президенті мен Мемлекеттік комиссия төрағасына бағынады.";

2-тармақтың 1-тармақшасында "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 18-баптың 1-тармағында:

"жұмысқа орналасуына көмек көрсетіледі және" деген сөздер алып тасталсын;

"тәртіппен" деген сөзден кейін "және шекте" деген сөздермен толықтырылсын.

12. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 102-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат; N 4, 25-құжат):

13-баптың 2-тармағының 5) тармақшасында "өртке қарсы" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 104-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат; N 4, 25-құжат):

16-баптың 2-тармағының 6) тармақшасында "өртке қарсы" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 1-2, 1-құжат):

1) 1-баптың 17) тармақшасында, 19-баптың екінші бөлігінде, 29-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 27-тармақшасы "өртті оқшаулау және жою" деген сөздермен толықтырылсын.

15. "Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 5, 4-құжат):

7-баптың бірінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар саласындағы орталық атқарушы органының" деген сөздер "Қазақстан

Республикасының төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органының" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 14, 60-құжат):

1) 4-баптың 4-тармағында, 16-баптың 4-тармағында "өртке қарсы" деген сөздер " мемлекеттік өртке қарсы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 4-тармағында "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы" деген сөздер "төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 23, 90-құжат):

11-баптың 2-тармағын 5) тармақшасында "өртке қарсы" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК